

## Құрметті қамқоршылық кеңесінің мүшелері, кеңес отырысының қатысушылары!

Уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңартып отыру - бүгінгі күннің басты талабы.

Мектебімізде биылғы оқу жылында 387 оқушы білім алуда. Оның ішінде көпбалалы отбасылар саны -99 , аз қамтылған отбасылар саны – 65.

Мектептегі педагогикалық қызметтің білім берудің мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестігін, мектептің одан әрі дамуын қалыптастырыру мақсатында - Мектептің даму жоспары және 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары жасалынды. Даму жоспарында алдағы 3 жылда қол жеткізетін индикаторлар: білім сапасы, педагог кадрлардың құрамын жақсарту, жас мамандарды тәрбиелеу, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жоспарланып, нақтыланды. Жылдық жоспарда бір жыл ішінде алдымызға қойған нақты мақсаттарды белгілеп, жұмыс жүргізілетін болады. Онда - жалпыға бірдей міндетті білім берудің орындалуы, педагог кадрлармен жұмыс, мектеп құжаттарын жүргізуді бақылау, оқушылардың білім-білік дағдылары, оқу-материалдық база, пәндердің оқыту сапасын бақылау, құқық бұзушылықтың алдын-алу, жетім, қамқорлықтағы, әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасы балаларының әл-ауқатын арттыру, психологиялық көмек, оқушылардың тәрбиелік деңгейін жақсарту, бос уақытын ұйымдастыру, үйірме мен секциялардың, сыныптан тыс іс-шаралардың мазмұнын жақсарту қарастырылды. 202-2023 оқу жылына жоспарланған іс-шаралар дер кезінде орындалып, директор жанындағы кеңес, өндірістік отырыстарда, педагогикалық кеңесте қаралып отырды.

Мектептің жалпы жыл бойынша білім сапасына келсек, тоқсан сайын зерделеніп, өсу мен кему динамикасы салыстырылып, төмен білім сапасын көрсеткен сыныптар мектепшілік бақылауға алынып, зерделенді. Жарты жылдық бойынша, яғни I,II тоқсанда білім сапасы 33 пайызды құрап отыр.

Осы оқу жылында 12 оқушы инклюзивті білім берумен қамтылды. Мектеп бойынша педагогтардың 90 пайызы инклюзивті білім беру бойынша біліктіліктерін арттырды.

Ұстаздар мен оқушыларға «Bilimland», ITest.kz, Sabak.kz, , Google.kz, Zhambil\_Obl\_UMC, dppzhambyl.gov.kz, enbek.kz, taraz.zhm. жүйесі де қолжетімді. Оның білім сапасын жетілдіруде маңызы зор. Бүгінгі күні барлық мұғалім аталған жүйеге тіркеліп , өз сабақтарында керекті ресурстарды пайдалануда.

Мектепте өтіп жатқан оқу-тәрбие үдерісіндегі басты жаңалықтар мен жетістіктер Фейсбук, Инстаграмм әлеуметтік желілері және мектеп сайты арқылы жариялануда.

Сонымен қатар көктем-жаз айларында мектеп асхана блогына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Оған 11 млн, 600 мың теңге көлемінде қаражат жұмсалды.

Мектеп интернетіне «БЭГ» ЖШС – і қызмет көрсетуде.

Бүгінгі күні атқарылып жатқан жұмыстар осы. Алдағы уақытта оқу – тәрбие үрдісіндегі жоспарлы іс – шараларымызды қарқынды жалғастырамыз.

Мектептің материалдық – техникалық базасы жыл сайын жақсарып келеді. Заман талабына сай ақпараттық технологияларды пайдалануға ерекше мән беріліп, мұғалімдер аудио – кешенді оқу құралдарын пайдалануға қол жеткізіп отыр. Кітапхана қоры жеткілікті. Биылғы жылы жаңа түскен оқулықтар саны 1353 дана, ол 4,7,3 сыныптарға арналған оқулықтар 10, 21 данадан, 2018,2019 жылғы жетілмеген оқулықтарға толықтыру есебінде, 2022 жылғы жаңадан келіп түскен оқулықтар 2 сыныпқа арналған, 30 данадан келді, бала саны 24, енді келесі оқу жылында басқа мектептерден алып толықтыруға тура келеді, келесі жылы 2 сыныпқа оқушылар саны 48. Сондай-ақ, «Абайтану» оқулықтары сыныптар бойынша: 5,6,7,8,9,10,11 сынып деп жаңадан басылып «Әл-Наир баспасының» шыққан оқулықтар келді 10-11 сыныптарға 5 данадан , басқа сыныптарға 10 данадан келді.

Оқу жылының екінші жарты жылдығына алған міндеттердің ішінде ата-анамен жұмыс деңгейін жаңа сатыға көтеру мәселесі қойылды. Бұл бағытта танымы мен тағылымы мол шараларды көптеп өткізуді жоспарлап отырмыз. Оқушы еліміздің келешегі, ертеңі. Сондықтан олардың бойындағы болашаққа сенім, үміт, оптимистік көзқарас ұялату - баршамыздың парызымыз.